КОПИЯ/КӨШІРМЕ

ШЕШІМ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АТЫНАН

2024 жылғы 26 қаңтар №1112-23-00-2/3812 Көкшетау қаласы

Ақмола облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья Жакупов А.А.,
сот отырысының хатшысы Шарипова Ш.Е., алдын ала сот отырысында азаматтық істі қарады:

ТАЛАПКЕР:
«Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Ақмола облысының Полиция департаменті» мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
«Star» Гемус Виолетта Викторовна жеке кәсіпкер

ТАЛАПКЕРДІҢ ТАЛАПТАРЫ:
мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАРЫ:
талапкер өкілі Амрин Б.Б.

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

«Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Ақмола облысының Полиция департаменті» ММ және «Star» ЖК арасында 2023 жылғы 16 қазанда №737 тауарды мемлекеттік сатып алу шарты жасалды. Шарт бойынша жауапкер тауарды 2023 жылғы қарашаның 14 дейін жеткізуге мәжбүр болды.

Талап қоюшы талабын жауапкер шарт бойынша міндеттемелерді орындамағанымен негіздеген.

Сотта талакер өкілі талап қоюды қолдады.

Жауапкер сот отырысына қатысқан жоқ, ешқандай өтініштi білдірген жоқ.

Құжатқа қол қойылған: Жакупов А. А., 02.02.2024

Заңды күшіне енген күні: 05.03.2024, судья Нургалиева Г. И., 06.03.2024

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Сот, істі жауапкерсіз қарауды ұйғарды.

УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 4 желтоқсандағы «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 12 бабы 4 тармағы 3 тармақшасында мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылар тізімі, өздерімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісінше орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді. Осы тармақтың бірінші бөлігінің 1) және 3) тармақшаларында көрсетілген жағдайларда, тапсырыс беруші өзіне өнім берушінің Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын бұзу фактісі туралы белгілі болған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей, осындай әлеуетті өнім берушіні немесе өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап арызбен сотқа жүгінуге міндетті. 5 тармағында осы баптың 4 тармағы бірінші бөлігінің 1) және 3) тармақшаларында көзделген мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізімі заңды күшіне енген сот шешімдерінің негізінде қалыптастырылады.

Жоғарыда көрсетілген шарт бойынша жауапкер «Star» ЖК 2023 жылғы қарашаның 14 дейін талапкерге тауарды жеткізуге міндетті болды.

Алайда тауар жеткізілмеген.

Керісінше жағдайлар сотта дәлелденбеген.

Сондықтан жауапкер мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы ретінде тануға жатады.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 117, 223-226 баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

«Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Ақмола облысының Полиция департаменті» мемлекеттік мекемесінің «Star» Гемус Виолетта Викторовна жеке кәсіпкерге мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы туралы талап қою – қанағаттандырылсын.

«Star» Гемус Виолетта Викторовна жеке кәсіпкер мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

«Star» Гемус Виолетта Викторовна жеке кәсіпкерден мемлекет пайдасына 1 846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге көлемінде мемлекеттік баж өндірілсін.

Шешімге бір ай ішінде шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап осы сот арқылы Ақмола облыстық

Құжатқа қол қойылған: Жакупов А. А., 02.02.2024

Заңды күшіне енген күні: 05.03.2024, судья Нургалиева Г. И., 06.03.2024

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

сотының азаматтық істер бойынша сот алқасына апелляциялық шағым және (немесе) өтінішхат берілуі (келтіруі) мүмкін.

Судья **А.А. Жакупов**

Құжатқа қол қойылған: Жакупов А. А., 02.02.2024

Заңды күшіне енген күні: 05.03.2024, судья Нургалиева Г. И., 06.03.2024

«Төрелік» ақпараттық жүйесі - Сот өндірісі - Судопроизводство - Информационная система «Төрелік»

1112-23-3-1/4407